

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

Несомненно, в современных условиях банки второго уровня играют важную роль в процессе экономических преобразований. Банк в процессе работы совершает определенные операции и сделки, направленные на удовлетворение потребностей клиентов в банковских услугах и обеспечение своей деятельности как хозяйствующего субъекта. От эффективности их работы в значительной степени зависит успех в развитии реального сектора экономики.

Таким образом, большинство БВУ переориентировались в сегмент малого и среднего бизнеса, чему также способствуют различные государственные программы по поддержке субъектов малого и среднего бизнеса, благодаря которым банки обеспечиваются необходимым фондированием в условиях финансовой глобализации.

Следовательно, интеграционные процессы в рамках ЕЭП требуют оценки количественных и качественных показателей деятельности БВУ на финансовых рынках Российской Федерации, Республики Беларусь и Республики Казахстан. Разница в объемах финансовых рынков стран ЕЭП не будет являться препятствием для интеграции, в случае если процесс гармонизации законодательства будет направлен на повышение конкурентоспособности национальных рынков банковских услуг.

Литература:

1. Концепция развития финансового сектора Республики Казахстан до 2030 года, утвержденная Постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 августа 2014 года №954.
2. Официальный сайт Национального банка Республики Казахстан <http://www.nationalbank.kz/>
3. Годовой Отчет АО «Цеснабанк» за 2014 год.

ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДА ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бұлақбай Ж.М.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: Bulakbay_zhannat@mail.ru

Дағдарыс теріс құбылыс ретінде қаржы ресурстарын басқару тиімділігінің төмендеуіне, капитал айналымдылығының баяулауына, активтердің инвестициялық тартымдылығы мен өтімділігінің азаюына әсер етеді. Қазақстан аймағындағы өнеркәсіп өнімінің 2015 жылды жылдың қорытындысы бойынша төмендеуі жалпы өнеркәсіп саласы кәсіпорындарының қаржылық көрсеткіштерінің төмендеуіне ғана емес, оның бәсекелестік позициясының әлсіреуіне әкеледі. Яғни, қаржылық сараптама көрсеткендей, дағдарыс кәсіпорынның болашақ стратегиясына, нарықтық диффузия оның даму үрдісіне үлкен әсер етеді.


Шаруашылық субъектінің өндірістік және қаржылық қуаты дағдарыс кезінде азайып, оның өндірістік ресурстық мүмкіндіктерін жоғалтатынын атап өткен жөн. Кәсіпорын қаншалықты дағдарыстық жағдайда болса, оның нарықтан ерте жойылу ықтималдығы да жоғары болады. Қаржы менеджментінің теориясында уақыт пен елдегі дағдарыстық жағдайлардың әсер етуі кәсіпорын үшін маңызды орын алады.

Қазақстан Республикасы бойынша соңғы 5 жылдағы кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштерінің даму серпіні келесі кестеде көрсетілген. Бұл кесте мәліметтерінен соңғы үш жылда салық салынғанға дейінгі пайданың төмендеп, 2015 жылы - 990354млн.теңге көлемінде залал алғанын көреміз.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері (млн.теңге)

Кезеңдер	Салық салынғанға дейінгі пайда (залал)	Өнімдерді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс	Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	Өндірістік емес шығыстар
2010ж	4 837 214	20 278 353	12 187 379	4 952 735
2011ж	6 430 490	26 590 038	15 608 688	6 053 484
2012ж	6 139 809	28 188 104	17 365 552	6 501 319
2013ж	5 104 019	30 002 914	19 604 000	6 818 971
2014ж				
I тоқсан	1 025 932	6 848 802	4 193 509	2 668 501
II тоқсан	1 868 696	7 984 074	4 928 085	2 128 769
III тоқсан	1 830 135	8 308 615	5 278 185	1 871 715
IV тоқсан	1 194 072	8 625 767	6 034 572	2 144 914
2014ж	5 100 655	31 744 582	20 698 636	9 341 413
2015ж				
I тоқсан	585 513	5 874 151	4 042 063	1 776 143
II тоқсан	1 145 609	6 829 353	4 720 695	1 783 602
III тоқсан	- 1 973 956	7 468 289	5 144 177	7 155 228
IV тоқсан	- 747 520	9 531 230	5 960 520	7 077 745
2015ж	-990354	29703023	19867455	17792718


Қазақстан бойынша орта және ірі кәсіпорындардың қаржылық нәтижесінің өзгерісін қарағанда, 2015 жылы алдыңғы жылдың көрсеткішіне пайызбен қарағанда салық салуға дейінгі пайданың азайып, залалдың пайда болуын көреміз.



Сурет 1- Орта және ірі кәсіпорындардың қаржылық нәтижесінің серпіні [1]

Барлық облыстар деңгейіндегі пайда тапқан және зиян шеккен кәсіпорындардың үлестік бөлінуі бойынша қарасақ, онда зиян шеккен кәсіпорындардың үлес салмағы 29,7%-дан 46,4%-ға дейін жеткендігін көреміз.

Соңғы бес жылдағы пайда сомасы мен залал сомасының серпінін келесі кесте мәліметтерінен көруге болады. Бұл кесте мәліметтері бойынша пайда түсірген кәсіпорындардың пайдасы залал шеккен кәсіпорындардың алған залал сомасынан аз екенін байқаймыз. Әсіресе 2014-2015 жылдары пайда мен залал арасында алшақтықтың біршама көп екенін атап өту керек.



Сурет 2- Пайда тапқан және залал шеккен кәсіпорындардың үлестік бөлінуі, % [2]

Кесте 2


Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша кәсіпорындарды топтастыру

Кезең	Пайда түсірген кәсіпорындар			Залал шеккен кәсіпорындар		
	саны, бірлік	жалпы санына, %-бен	пайда, млн.теңге	саны, бірлік	жалпы санына, %-бен	залал, млн.теңге
2010ж	3 364	62,5	5 481 000	2 014	37,4	643 786
2011ж	3 843	66,1	7 121 677	1 971	33,9	691 187
2012ж	4 146	68,1	6 813 739	1 939	31,9	673 930
2013ж	3 924	62,7	5 779 349	2 332	37,3	675 330
2014ж						
I тоқсан	3 293	52,0	1 819 911	3 035	48,0	793 978
II тоқсан	4 051	63,7	2 230 174	2 307	36,3	361 478
III тоқсан	4 291	66,4	2 099 256	2 170	33,6	269 121
IV тоқсан	3 898	59,9	1 665 608	2 608	40,1	471 536
2014ж	4 204	64,5	6 542 235	2 310	35,5	1 441 581
2015ж						
I тоқсан	3 317	49,2	1 073 209	3 426	50,8	487 696
II тоқсан	4 311	61,0	1 505 576	2 753	39,0	359 967
III тоқсан	4 317	62,3	1 992 514	2 616	37,7	3 966 471
IV тоқсан	3 994	59,8	2 206 096	2 688	40,2	2 953 616
2015ж	15939	232	6777395	11483	168	7767750

Ескерту: ҚР Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері [3]

Қазақстан кәсіпорындары 2014 жылы 6542235 млн.теңге пайда және 1441581млн.теңге залал алған, ал 2015 жылдың қорытындысы бойынша 6777395 млн.теңге пайда тапса, 7767750 млн.теңге залал шеккен. Кәсіпорындардың залалдарының көбеюі олардың өзара есеп айырысуларының жағдайына да әсерін тигізген. Бұл жағдайды келесі суреттен көреміз.

Бұл 3-суреттен Қазақстандағы ірі және орта кәсіпорындардың міндеттемелер сомасы дебиторлық берешек сомасынан 2015 жылы 5,36 есе көп, 2014 жылы 5,21 есе артық, 2013 жылы 4,32 есе, 2012 жылы 2,94 есе, 2011 жылы 2,86 есе артық болғанын анықтаймыз. Сонда жылдан жылға кәсіпорындардың міндеттемелері мен дебиторлық берешек арасындағы теңсіздік салдарының кері әсерінің бар екенін айқындаймыз.



Сурет 3- Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі мен міндеттемелер бойынша берешегінің серпіні, млрд.теңге [1]

Кесте 3

Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың мөлшерлілігі бойынша саны

Бизнес	2010ж	2011ж	2012ж	2013ж	2014ж	2015ж
Барлығы	187 161	177 584	174 953	183 322	197 829	221 655
Шағын	172 231	162 257	159 300	167 361	181 338	212 925
Орта	12 664	13 069	13 402	13 606	14 094	6 311
Ірі	2 266	2 258	2 251	2 355	2 397	2 419

Ескерту: ҚР Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері [3]

Экономиканың нақты секторының өндірісінің төмендеуіне қаржы нарығының да кері әсері тиген: несиелік және іскерлік белсенділіктің нашарлауы, несиелеу шарттарының қиындауы, теңге бойынша кредиттің пайыздық ставкаларының жоғары болуы. Кәсіпорындардың жалпы төлемқабілеттілігінің төмен түсуі, залалды және рентабельділігі төмен кәсіпорындардың болуы жалпы өндіріске кедергі келтірген. Сонымен қоса, Қазақстандағы ұлттық валютаның құнсыздануы, өндірілген өнімнің сұранысын азайтқан.

Экономиканың нақты секторының 2015 жылдың қорытындылары бойынша өндірісінің күрт баяулауы 2015 жылдың 20 тамызынан бастап ҚР ҰБ теңге бағамының еркін құбылмалы бағам режиміне көшуі 2015 жылдың 3-тоқсанынан бастап қатты әсері анықталған [4].

Дағдарысқа қарсы басқару кәсіпорынның дағдарыс факторларын нақты бақылауға, қаржы ресурстарын неғұрлым теңдестіріп бөлу, басқару шешімдерін қабылдау жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорындағы дағдарысқа қарсы басқару қаржы менеджментінің қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып уақыт бойынша қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді диапозонда орындалады. Дағдарысқа қарсы іс шараларды жүргізу, біздің көзқарасымыз бойынша, векторда позицияланған мақсаттарға сай болуы қажет. Позицияланған мақсат векторы – дағдарысқа қарсы басқару шегіндегі кәсіпорынның ең маңызды мақсаттарының бірі.

Көбінесе мұндай мақсат векторы уақыт факторын есепке алмайды, яғни кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қалпына келтіру мақсаттарының қатарына қысқамерзімді позицияда белгілі бір деңгейде қаржылық ресурстарды бөлуге жағдай жасау әр уақытта позитивті нәтижеге алып келмейтіндігі белгілі, сондықтан ұзақмерзімге кәсіпорынның қаржылық жағдайының нығаюын қадағалап, қаржылық бақылаудың тиімділігін арттыру қажет. Кәсіпорындағы қаржы ресурстарын басқаруда дағдарысқа қарсы саясатты қалыптастыру үшін әрқайсысы басқармашылық шешім қабылдауда қажетті бағдар болатын негізгі мақсаттарды бөлу қарастырылады. 4-суретте дағдарысқа қарсы басқару

шегінде кәсіпорынның позициялық мақсаттары ұсынылған. Суреттен қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді диапазонда мақсаттардың қиылыспауы қажеттігін көреміз.


Кәсіпорынның дағдарыстық дамуының кезеңдерінің сыныпталуына әдістемелік қосымша ретінде дағдарыс жағдайына негізделген ресурстық- бағытталған позиция тәсілін қарастыруға болады. Бұл тәсілдің негізінде кәсіпорынның бір кезде ресурстарды алушы және бір кезде реципиент болуы, өте ықтимал ресурстық ауысымдарды талдау жатыр. Сонымен, осындай позиция тұрғысынан қарағанда қаржы жағдайы бес түрлі жағдайда (кезеңде) болуы мүмкін:

Бірінші-ресурсты қанықтыру. Кәсіпорын кез келген қаржы ресурстарын жинақтау үшін барлық өндірістік және қаржылық қуатын жұмсайды.

Екінші- мақсатты ресурстық тұтыну, қаржы ресурстарының көлеміне, мерзіміне қарай тұтынушыларға бөлу; сондай-ақ осы кезеңде ресурстардың ықтимал циклдік ауысымы анықталады.

Үшінші- ресурстардың трансформациясы, біздің көзқарасымыз бойынша ең негізгісі болып табылады. Қаржы ресурстарының трансформациялануында қолданылатын механизмдерінің сапасына олардың одан әрі тиімді пайдаланылуы тәуелді. Ресурстар түпкілікті процестік нәтижелер нысанында өзінің қайта жаңғыруына қол жеткізеді.

Төртінші- қаржы ресурстарының уақытша сарқылуы (циклдік ресурстық алшақтық), және оның келесі циклдің басталуына дейінгі уақыттың артуына қарай тереңдеуі өте қауіпті кезең тоқырау кезеңіне әкеледі.



Сурет 4 – Дағдарысқа қарсы басқару шегінде кәсіпорынның позициялық мақсаттары

Соңғы тоқырау кезеңі алдыңғы өткен кезеңнің логикалық жалғасы болып табылады.

Ұтымды емес саясаттың, ресурстарды мақсатты пайдалану мен ресурстардың трансформациялануы нәтижесінде кәсіпорынның қаржы жүйесі ресурстарды өндіру және тұтыну арасындағы алшақтықты уақытылы сапалы түрде жоя алмауына, қаржылық тәуекел мәселелеріне тап болады.

Қорытындылай келе, дағдарысқа қарсы кәсіпорынның қаржы ресурстарын басқару саясаты қаржылық басқару ерекшеліктерін ескеріп, дағдарысқа қарсы басқарудың шешімдерінің қажеттігі туындайды.

Әдебиеттер:

1. <http://www.stat.gov.kz/> Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты Ресми статистикалық ақпарат. Жедел деректер (жедел ақпарат, бюллетендер). Кәсіпорын қаржысы.

2. <http://www.stat.gov.kz/> Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты. Пайда тапқан және залал шеккен кәсіпорындардың үлестік бөлінуі.

3. <http://www.stat.gov.kz/> Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты. Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша кәсіпорындарды топтастыру.

4. <http://regnum.ru/news/economy/2081166.html> О развитии экономики Казахстана по итогам 2015 года

ӘЛЕМДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА АҚША-НЕСИЕЛІК САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТЫ

Кушербаев Б.П., Алысбаева А.К., Бекболсынова А.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

E-mail: Mr.Bagdat@mail.ru, alpyspaeva_ainura@mail.ru, bekas.ast@mail.ru

Қазіргі жаңа экономикалық қарым-қатынастары қалыптасуы кезінде, мемлекеттің рөлі стратегиялық мақсаттарына сәйкестендіре ақша-несие саясатын қалыптастыру болып табылады. Қаржы нарығында ақша мөлшері баға деңгейіне әсер ету ықпалын күшейтті, сұраныс пен ұсыныстың өзгеруі салдарынан ақша қозғалысын реттеу тәртібін таңдау өзекті мәселеге айналды.

Экономикалық реформаларын жалғастыру үшін, Үкімет пен Ұлттық Банк бірлесе отырып тұрақты ұзақмерзімді өсуін қамтамасыз ету үшін жаңа ақша-несиелік саясатын қабылдады, ол әлемдік экономикадағы кері құбылыстары күшеюін ескере отырып жасалған.

Осыған байланысты, 2015 жылғы 20 тамыздан бастап инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несиелік саясатын іске асыруға кірісу үшін, валюталық дәліздің күшін жойып және еркін өзгермелі айырбастау бағамы тәртібі енгізілді [1].

Таргеттеу - (ағылшын. target мақсат) ұлттық банк ақша жүйесінің алдағы мақсаттарын анықтау, ақша массасы өсу қарқынын реттеу негізінде өз саясатын жүргізу.

Қалыптасқан халықаралық тәжірибеге сәйкес орталық банктер ақша-несиелік саясатын жүзеге асыруда әдетте мақсатты нысана белгілейді, олар келесі:

- валюталық бағамы;
- инфляцияға қатысты;
- ақша агрегаттарына байланыстра қаралады.

Орталық банк валюталық бағамына қарай таргеттеу жүргізу кезінде үш негізгі стратегиялық мақсаттарын көздейді:

- экспортқа шығарылатын отандық өнімдердің бәсекелес қабілеттілігін арттыру;
- девальвация негізінде қымбат импортты тауарларын арзан отандық өнімдерімен алмастыруды ынталандыру;